

**Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы N 118 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 30 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5322 болып енгізілді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы N 181 Қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2009.08.05 N 181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.*

*Қолданушылардың назарына!!!*

*Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.*

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 57-бабына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңының 49-бабының 3-тармағына, "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұсынылып отырған Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Стратегия және талдау департаменті (Әбдірахманов Н.А.):

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

5. Ақпараттық технологиялар департаменті (Түсіпов Қ.А.) 2008 жылғы 30 қарашаға дейін "Жинақтаушы зейнетақы қорлары мен бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының есеп берулерін қалыптастыруды автоматтандыру" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесін пысықтауды қамтамасыз етсін.

6. Агенттіктің Төраға қызметі (Кенже А.А.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық баспасөз құралдарында жариялау шараларын қ а б ы л д а с ы н .

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө.Алдамбергенге жүктелсін.

*Төрайым*

*Е. Бахмутова*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы н а р ы ғ ы н ж әне қ а р ж ы

ұ й ы м д а р ы н р е т т е у м е н қ а д а ғ а л а у

а г е н т т і г і Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 2 т а м ы з д а ғ ы

№ 118 қаулысына қосымша

**Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

1. Агенттік Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы № 223 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4480 тіркелген).

2. Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларын және жинақтаушы зейнетақы қорларын реттеу және қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 16 шілдедегі № 211 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4900 т і р к е л г е н ) .

3. Агенттік басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы № 223 қаулысына

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 4 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5161 тіркелген).

Қазақстан	Республикасы	Қаржы
нарығын	және	қаржы
реттеу	мен	қадағалау
Басқармасының	2008	жылғы
тамыздағы	N	118
бекітілген		қаулысымен

ұйымдарын агенттігі

**Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулық**

Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына, 49-бабының 3-тармағына, "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорлары сақтауға міндетті пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәні мен есептеу әдістемесін белгілейді.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

***Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !***

*1-тармақтың 1) тармақшасына ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 Қаулысымен өзгерту қарастырылған (2010.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі).*

1. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) валюталық тәуекел - зейнетақы активтерін басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қор немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым өз қызметін жүзеге асырған кезде шетел валюталарының өзгеруіне байланысты шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі. Шығыстардың (шығындардың) пайда болу қаупі валюта бойынша позицияларды құндық көрсетілуі бойынша қайта бағалаудан туындайды;

2) ақшалай баламалар – алдын-ала белгілі ақша сомасына жеңіл айналатын және олардың құнының елеусіз ғана өзгеріс тәуекеліне ұшырайтын қысқа мерзімді жоғары өтімді салымдар. Ақшалай баламалар қатарына екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға инвестициялар және қысқа мерзімді өтеу

мерзімі бар (сатып алғаннан бастап үш айдан артық емес) басқа инвестициялар жатады. Ақшалай баламалар түріндегі инвестицияларды жіктеу "Ақша қаражаты қозғалысы туралы есептер" халықаралық қаржылық есептіліктің 7-стандартына сәйкес жасалады;

*Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !*

*1-тармақтың 3) тармақшасына ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 Қаулысымен өзгерту қарастырылған (2010.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі).*

3) кредиттік тәуекел – заемшының (эмитенттің) бағалы қағаздар шығарылымының (облигациялар, мемлекеттік міндеттемелер және басқалар) талаптарында белгіленген мерзімде кредиторға (инвесторға) тиесілі негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлемеу салдарынан пайда болған шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі. Кредиттік тәуекелге сондай-ақ әріптестің своптар, опциондар және бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуды реттеу кезеңіндегі міндеттемелерді орындамауына байланысты пайда болған жоғалтулар тәуекелі де кіреді;

4) ұйым - зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - Ұйым);

*Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !*

*1-тармақтың 5) тармақшасына ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 Қаулысымен өзгерту қарастырылған (2010.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі).*

5) пайыздық тәуекел – сыйақы мөлшерлемесінің тиімсіз өзгеруі салдарынан шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі, оған мыналар кіреді:

орналастырылған активтердің (белгіленген сыйақы мөлшерлемесі жағдайында) өтеу мерзімдерін сақтамауға байланысты жалпы пайыздық тәуекел;

басқа бірдей жағдайында ұқсас бағалау сипаты бар бірқатар құралдар бойынша алынатын және төленетін сыйақыны есептеу мен түзетудің әртүрлі әдістемелерін қолдануға байланысты ерекше пайыздық тәуекел;

б) рыноктық тәуекел – қаржы рыноктарының тиімсіз қозғалыстарына байланысты шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі. Рыноктік тәуекелдің макроэкономикалық табиғаты бар, яғни рыноктық тәуекелдердің негізгі көзі қаржы жүйесінің макроэкономикалық көрсеткіштері болып табылады. Рыноктық тәуекел пайыздық, валюталық және қор тәуекелдерінің жиынтығын көрсетеді;

7) меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициенті – осы Нұсқаулыққа сәйкес есептелген Ұйымның меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті мен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының " Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік маңызы, олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2008 жылғы 22 тамыздағы N 117 қаулысына сәйкес есептелген жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті капитал жеткіліктік коэффициентінің сомасы;

8) уәкілетті орган – қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

9) зейнетақы активтерінің шартты бірлігі – жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің, Ұйымның оларды инвестициялық басқару нәтижесіндегі өзгерістерін сипаттау үшін пайдаланылатын және осы Нұсқаулыққа сәйкес есептелетін үлестік өлшемі;

10) қор – жинақтаушы зейнетақы қоры;

11) қор биржасы – қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасы;

*Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !*

*1-тармақтың 12) тармақшасына ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 Қаулысымен өзгерту қарастырылған (2010.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі).*

12) қордың тәуекелі - акциялардың рыноктық құнына ықпал ететін қаржы рыноктарының жағдайлары өзгергендегі акциялар құнындағы өзгерістердің салдарынан пайда болатын тәуекел;

13) "таза" зейнетақы активтері – қордың, оның зейнетақы активтеріне жататын міндеттемелерді (зейнетақы төлемдері, басқа қорларға аударымдар жасау бойынша міндеттемелерді және басқа да ұқсас ықтимал міндеттемелерді) шегергендегі зейнетақы активтері;

14) шартты міндеттеме – өткен жағдайлар кезінде пайда болатын және Қордың толық бақылауында бола алмайтын бір немесе одан да көп болашақтағы анық емес оқиғалардың пайда болуы (пайда болмауы) кезінде бар екендігі расталатын болуы мүмкін міндеттеме. *(2009 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі)*

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

2. "Standard & Poor's" агенттігінің рейтингтік бағалардан басқа уәкілетті органмен "Moody's Investors Service" және "Fitch" агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтинг агенттіктері) рейтингтік бағалары деп танылады.

2-1. Осы Нұсқаулық мақсаты үшін пайдаланылатын халықаралық қаржы ұйымдары болып, тізбесі "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару

жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 225 қаулысы 1-қосымшамен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4486 тіркелген) (бұдан әрі - N 225 қаулы) белгіленген халықаралық қаржы ұйымдары түсіндіріледі.

*Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29 N 247 Қаулысымен.*

## **2-тарау. Меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициенті**

3. Осы Нұсқаулықтың 1-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициентінің мәні 0,04 кем болмайды.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 164 , 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулыларымен.*

4. Осы Нұсқаулықтың 3-тармағының талаптарын орындау мақсатында Ұйым мен активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болатын қордың арасында меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентін сақтау туралы шарт жасалуы мүмкін. Шарт жазбаша нысанда жасалады және онда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

Ұйымның  $K_1$  коэффициенті мәндерінің меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентіне ара қатынасы;

активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болатын қордың  $K_1$  коэффициенті мәндерінің меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентіне ара қатынасы;

Шартқа Ұйымның және активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болатын қордың  $K_1$  коэффициенттері мәндерінің меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентіне ара қатынасын анықтау бөлігіндегі өзгерістерді, осындай өзгерістерді қолданысқа енгізу күнін көрсете отырып еңгізудің жиілігі.

Активтері Ұйымның инвестициялық басқаруында тұрған Қордың  $K_1$  коэффициентінің мәні меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициентінің алпыс пайызынан кем болмауы тиіс. *(2009 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі)*

Қордың  $K_1$  коэффициентінің мәні меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициентінің жиырма пайызынан кем болмауы тиіс. *(2009 жылғы 1*

*шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі)*

Ұйымдағы Қордың меншікті капиталының жеткіліктілік жиынтық коэффициенті жүз пайыз болады. *(2009 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі)*

Ұйым мен қордың арасында жасалған меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентін сақтау туралы шарт жасалмаса Ұйымның  $K_1$  коэффициентінің мәні меншікті капитал жеткіліктілігі жиынтық коэффициентінің отыз пайызынан кем болмауы тиіс.

Ұйымда инвестициялық басқаруында бір қордың зейнетақы активтерінен артық болған жағдайда  $K_1$  мәні Ұйымның өтімді активтері мен міндеттемелерін,  $K_1$  мәнінің сақталуы мақсатында, әрбір қорға қатысты тиісті пропорцияда бөлістіре отырып, әрбір қорға қатысты жеке есептеледі.

Ұйымның  $K_1$  коэффициентінің мәні күн сайын жұмыс күнінің аяғына анықталады.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

4-1. Қор мен Ұйым меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентін сақтамаған жағдайда Қор мен Ұйымның меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентін орындамағандығы анықталады.

*Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

### **3-тарау. "Меншікті капитал жеткіліктілігі" 1-пруденциалдық норматив**

5. Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі  $K_1$  коэффициентімен сипатталады.

$K_1$  коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_1 = (\Theta A - M) / M3A, \text{ мұнда}$$

$\Theta A$  – осы Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарымен белгіленген өтімді және басқа активтер;

$M$  - міндеттемелер ("репо" операциясын ашық сауда әдісімен өткізгенде, міндеттемелерге тек "репо" ашу сәтіне қор биржасының ішкі ережелеріне сәйкес анықталған "репо" объектісінің нарықтық құнының дисконт сомасы ғана кіреді);

$M3A$  - мына формула бойынша есептелетін тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген қордың инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарының құны:

$$M3A = K_{тк} + H_{тк} + O_{тк}, \text{ мұнда}$$

Ктк – осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары бойынша өтелгенге дейін ұсталатын санатқа жатқызылған борыштық бағалы қағаздар , шетелдік эмитенттер және "саудаға арналған " және "сату үшін қолда бар" санатында 1 жылдан астам тұрған Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар , тәуекел дәрежесі бойынша сараланған депозиттер, тазартылған қымбат металдар, металл депозиттер, "кері репо" операциялары бойынша есептелетін кредиттік т ә у е к е л ;

Нтк - "саудаға арналған " және "сату үшін қолда бар" санатына қойылған борыштық бағалы қағаздар, акциялар, пайлар, туынды қаржы құралдары бойынша 10-ға тең келтіру коэффициентін жасау ретінде есептелетін нарықтық тәуекел, ол мына сома бойынша есептеледі: *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

сыйақы ставкасының (пайыздық тәуекелдің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекел; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

нарықтық құнның (қор тәуекелінің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекел; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

валюталардың айырбас бағамдары мен қымбат металдардың бағамдарының (валюталық тәуекел) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекел. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Сыйақы ставкасының (пайыздық тәуекелдің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралы бойынша тәуекел есебі айырықша пайыздық тәуекелдің және жалпы пайыздық тәуекелдің сомасын білдіреді. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Айырықша пайыздық тәуекел осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес қаржы құралы рейтингіне қатысты айрықша пайыздық тәуекел коэффициенті бойынша сараланған сыйақы ставкасының (пайыздық тәуекелдің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар бірыңғай қаржы құралдарының сомасын білдіреді. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Сыйақы ставкасының (пайыздық тәуекелдің) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар бірыңғай қаржы құралдары болып, мынадай талаптарға сәйкес келетін қаржы құралдары танылады: *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

бір эмитент шығарған; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

тең кірістілік мөлшері бар; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*



нарықтық құны сол сияқты бір валютада көрсетілген; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

өтелгенге дейінгі бірдей мерзімі бар. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Туынды қаржы құралдары айрықша пайыздық тәуекел есебіне енгізілмейді. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Жалпы пайыздық тәуекел мына соманы білдіреді: *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес уақытша аралықтар бойынша тәуекелдің барлық аймақтары бойынша сараланған қаржы құралдары сомасының 10 пайызын; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес 1 аймақтың уақытша аралықтары бойынша сараланған қаржы құралдары сомасының 40 пайызын; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес 2 аймақтың уақытша аралықтары бойынша сараланған қаржы құралдары сомасының 30 пайызын; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес 3 аймақтың уақытша аралықтары бойынша сараланған қаржы құралдары сомасының 30 пайызын. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Қаржы құралының (қор тәуекелінің) нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел қаржы құралының құнын рыноктық тәуекел коэффициентімен жасауды білдіреді және борыштық бағалы қағаздар бойынша айырбасталатын акциялар (сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты айырбасталмайтын артықшылықты акцияларды қоспағанда), және осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес базистік активі аталған бағалы қағаздар болып табылатын акциялар, туынды қаржы құралдары, депозитарлық қолхаттар болып есептеледі. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Валюталық айырбас бағамдарының және қымбат металл бағамдарының (валюталық тәуекел) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел шетел валютасында номинирленген қаржы құралдарының сомасын жасауды, сондай-ақ 0,04 валюталық тәуекел коэффициентіне тең осы бағалы қағаздардың барлық айналыс кезеңінде ұлттық валюталық бағаммен белгіленген осы құрал бойынша ақша ағынын белгілейтін шығарылым талабын көздейтін қаржы құралдарын қоспағандағы шетел валюталарының, қымбат металдардың, шетелдік қолма-қол валютаның бағамдарының өзгеруін индекстеген номиналды және (немесе) купонды сыйақыны білдіреді. *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Рыноктық тәуекел есебіне тәуекелдерді хеджирлеу мақсаты үшін сатып

алынған мынадай туынды қаржы құралдары енгізіледі: *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты туынды қаржы құралдары – базистік активі пайыздық кіріс алып келетін қаржы құралы болып табылатын келісім-шарт, немесе талаптары бойынша қаржы ағыны пайыздық ставка немесе өзге пайыздық келісім-шарт негізінде есептесетін келісім-шарт; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

акциялардың нарықтық құнының өзгеруіне байланысты туынды қаржы құралдары – базистік активі қор құндылықтары (акциялар) немесе қор индексі болып табылатын келісім-шарт; *(2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

Отк – операциялық тәуекел, 0,04 операциялық тәуекел коэффициентіне тең соңғы өткен үш жыл ішінде алынған жылдық жалпы өнімнің орташа шегін келтіретін 10-ға теңдестіру коэффициентін білдіреді.

Соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы өнімнің орташа шегі өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы өнімнің сомасына қатысты ретінде есептеледі, оның әр қайсысы бойынша Қордың таза кіріс алған жылдарының санына сай кіріс алынған.

Жаңадан құрылған қорлар үшін операциялық тәуекел қаржы жылының аяқталуы бойынша есептеледі, және жылдық жалпы өнімнің орташа шегі өткен жылдардың санын негізге ала отырып, есептеледі.

2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап нарықтық тәуекел есебі кезінде көрсетілген келтіру коэффициенті 25 болады.

*Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының - 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

6. Өтімді активтер ретінде осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасында көзделген көлемдердегі Ұйымның мынадай активтері танылады:

1) ақша және ақшалай баламалары, оның ішінде:

кассадағы ақша, Ұйымның балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайды;

осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердің ағымдағы шоттарындағы ақша;

бағалы қағаздар орталық депозитарийдің ағымдағы шоттарындағы ақша;

"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді жеке рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес-банктердің ағымдағы шоттарындағы ақша;

ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында операцияларды жүзеге асыру

үшін ұйымдарға банктік қызмет көрсететін резидент емес ұйымдардың ағымдағы шоттарындағы ақша ;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі салымдар ;

3) ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар (негізгі борыштың сомасын және есептелген сыйақыны ескеріп), мына талаптардың біреуіне сәйкес келгенде :

"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингтік бағасы бар банктер ;

"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес-бас банктердің еншілес резидент-банктері болып табылатын банктер ;

қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші және/немесе екінші санатына жай акциялар енгізілген эмитент-банктері болып табылатын банктер ;

4) негізгі борыштың сомаларын және есептелген сыйақыны ескеріп, ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді, жеке рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес-банктердегі салымдар (негізгі борыштың сомасын және есептелген сыйақыны ескеріп);

5) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналымға шығарылғандарды қоса алғанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақының сомаларын есепке ала отырып);

5-1) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып);

б) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары ;

7) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, қор биржасының ресми

тізімінің "акциялар" секторының бірінші және/немесе екінші санатына енгізілген  
з а н д ы т ұ л ғ а л а р д ы ң а к ц и я л а р ы ;

8) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес б о р ы ш т ы қ б а ғ а л ы қ а ғ а з д а р ы ;

9) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізімінің "бірінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" санатына енгізілген Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақының сомаларын есепке ала отырып);

10) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып);

11) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып);

12) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел эмитенттерінің акциялары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып);

13) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, "Standard & Poor's" агенттігінің "BBB"- кем емес халықаралық рейтинг бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып) халықаралық қаржы ұйымдары шығарған б о р ы ш т ы қ б а ғ а л ы қ а ғ а з д а р ;

14) тазартылған қымбат металдар және металл депозиттері;

15) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, базалық активі "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес

рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетел эмитенттерінің акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттар ;

16) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, базалық активі "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттар ;

17) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, базалық активі болып қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші және/немесе екінші санатына енгізілген заңды тұлғалардың акциялары табылатын депозитарлық қолхаттар ;

18) ықтимал шығындарға резервтерді шегеріп, бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары акционерлері болып табылатын, бағалы қағаздар рыногы инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың акциялары ;

19) қызметкерлер мен басқа да тұлғалардың дебиторлық қарыздарын шегеріп тастағандағы Ұйымға қатысты аффилирленген тұлғалар болып табылмайтын заңды тұлғалардың дебиторлық қарыздары (ықтимал шығындардың резервтерін шегеріп тастағанда), оның ішінде:

шарттың талаптары бойынша үш күннен аспайтын мерзімге кешіктірілген, қызметкерлер мен басқа да тұлғалардың дебиторлық қарыздарын шегеріп тастағандағы Ұйымға қатысты аффилирленген тұлғалар болып табылмайтын заңды тұлғалардың дебиторлық қарыздары (ықтимал шығындардың резервтерін шегеріп тастағанда) ;

шарттың талаптары бойынша тоқсан күннен аспайтын мерзімге кешіктірілген , қызметкерлер мен басқа да тұлғалардың дебиторлық қарыздарын шегеріп тастағандағы Ұйымға қатысты аффилирленген тұлғалар болып табылмайтын заңды тұлғалардың дебиторлық қарыздары (ықтимал шығындардың резервтерін шегеріп тастағанда) .

Осы тармақта көрсетілген бағалы қағаздар мынадай жағдайларда өтімді активтердің есебіне қосылмайды:

Ұйым оларды қайта сатып алу шартымен сатқан немесе кепілге берген, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа жолмен ауыртпалық салынған жағдайда ;

Ұйым автоматты "репо" рыногында оларды қайта сату шартымен бағалы

қағаздарды сатып алған жағдайда;

Ұйымға қатысты аффилирленген тұлға болып табылатын заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздарды Ұйым сатып алғанда;

Қордың ірі акционерлеріне тиесілі акцияларды сенімгерлік басқарушылар және Қордың ірі акционерлеріне тиесілі акцияларды сенімгерлік басқарушы аффилирленген тұлғалар шығарған бағалы қағаздарды сатып алу .

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29 N 247 , 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулыларымен.*

7. Өзге активтер ретінде Ұйымның мына активтері танылады:

Ұйымның баланстық құны бойынша негізгі құрал-жабдықтары, оның ішінде: меншіктегі немесе Ұйымның баланс бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын мөлшерде тұрақты жер пайдалану құқындағы жер;

ғимараттар және Ұйымның балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын мөлшерде меншігіндегі құрылыстар;

машиналар және көлік құралдарын қоспағанда, Ұйымның балансы бойынша активтер сомасының бес пайызынан аспайтын мөлшерде меншігіндегі жабдықтар.

**4-тарау. "Зейнетақы активтерінің кірістілігі"**

**2-пруденциалдық норматив**

8. Ұйымның инвестициялық басқаруында тұрған зейнетақы активтерінің кірістілігі мына формула бойынша есептелетін  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентімен сипатталады:

$$K_2 (12, 36, 60) = \left( \frac{C_t}{C_0} - 1 \right) \times 100, \text{ бұл жерде}$$

$C_t$  - есепті күнтізбелік айда Ұйымның инвестициялық басқаруында болған, осы Ереженің 9-тармағына сәйкес есептелген қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

$C_0$  - он екі, отыз алты және алпыс ай бұрын Ұйымның инвестициялық басқаруында болған, осы Ереженің 9-тармағына сәйкес есептелген қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

9. Ұйымның инвестициялық басқаруында қандай да бір айда болған қордың

зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны осы айдың әрбір күнтізбелік күнінің соңында осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған, осы Нұсқаулықтың 10-тармағына сәйкес есептелген осы қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа арифметикалық мәні ретінде е с е п т е л е д і .

10. Ұйымның инвестициялық басқаруында қандай да болмасын күннің соңында болған қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құнын Ұйым мына формула бойынша есептейді:

$$C_i = \frac{P_i A_i}{U_i E_i}, \text{ бұл жерде}$$

$C_i$  - Ұйымның инвестициялық басқаруында осы күннің соңында болған қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны;

$PA_i$  - Ұйымның инвестициялық басқаруында осы күннің соңында болған, осы Нұсқаулықтың 11-тармағына сәйкес есептелген қордың "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

$UE_i$  - Ұйымның инвестициялық басқаруында осы күннің соңында болған, осы Нұсқаулықтың 12-тармағына сәйкес есептелген қордың зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

11. Қордың қандай да бір күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны мына формула бойынша есептеледі (осы Нұсқаулықтың 13-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

$$PA_i = PA_{(i-1)} + V_i + T_i + D_i + I_i + P_{i1} + P_{i2} - N_{i1} - N_{i2} - K_{vi}, \text{ мұнда}$$

$PA_{(i-1)}$  - қордың өткен күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

$V_i$  - осы күні қорға түскен зейнетақы жарналары;

$T_i$  - осы күні қорға түскен басқа қорлардан аударылған зейнетақы активтері;

$D_i$  - қордың зейнетақы активтері бойынша осы күні есептелген инвестициялық кірісі;

$I_i$  - қордың инвестициялық шотындағы ақша қалдығы бойынша осы күні кастодиан банк төлеген сыйақы (мүдде);

$P_{i1}$  - зейнетақы жарналарын уақтылы аудармағаны үшін қордың осы күні алған өсімі;

$P_{i2}$  - зейнетақы активтерін уақытында инвестицияламағаны үшін қордың осы күні алған өсімі;

$N_{i1}$  - осы күні қордан есептелген зейнетақы төлемдері, қордан басқа қорларға жасалған аударымдар және қордың инвестициялық шотына қателесіп түскен сомалар бойынша міндеттемелер (қор және оған қызмет көрсететін кастодиан

банк түскен күні қателесіп түскен деп танылған, қаржы құралдарына орналастырылмаған және қордың салымшыларының/зейнетақы төлемдерін алушылардың жеке шоттарына есепке алынбаған сомаларды қоспағанда);

$Ni2$  - анықталғанға дейін осы күні есептелген сомалар;

$KVi$  - қордың және Ұйымның осы күні есептелген комиссиялық сыйақылары.

12. Қордың күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны мына формула бойынша есептеледі (осы Нұсқаулықтың 13-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

$$UE_i = UE(i-1) + \frac{Vi + Ti + Pi1 - Ni1 - Ni2}{C(i-1)}, \text{ мұнда}$$

$UE(i-1)$  – қордың осы күннің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны;

$C(i-1)$  - қордың осы күннің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны.

13. Қордың зейнетақы активтері Ұйымның инвестициялық басқаруына бастапқы түскен кезде (осы Нұсқаулықтың 14-тармағында белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда) осы қордың зейнетақы активтері инвестициялық басқаруда болып табылған бірінші күннің соңына  $C_i$ ,  $PA_i$  және  $UE_i$  көрсеткіштерінің есебі мынадай мәндерге сүйене отырып жүзеге асырылады:

1)  $C(i-1)$  - 100 теңге;

2)  $PA(i-1)$  - қордың Ұйым инвестициялық басқаруға қабылдаған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

3)  $UE(i-1)$  - қордың Ұйым инвестициялық басқаруға қабылдаған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құнын 100 теңгеге бөлудің нәтижесі.

14. Қордың зейнетақы активтерін бір Ұйымнан екіншісіне инвестициялық басқаруға берген кезде осы қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын есептеу үзілмейді және оның зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға қабылдаған Ұйым жүзеге асыруды жалғастыра береді.

15.  $K_2$  коэффициентін Ұйым тек зейнетақы активтері осы немесе басқа Ұйымдарда соңғы он екі, отыз алты, алпыс және одан көп ай ішінде инвестициялық басқаруда болған қорларға ғана қатысты аталған мерзім ішінде есептейді.

16. Ұйымдар ұсынған  $K_2$  коэффициенті есептеулерінің негізінде уәкілетті орган осы Нұсқаулықтың 17-тармағына сәйкес ай сайын мыналардың мәндерін



есептейді және ағымдағы айдың он бесінші күнінен кешіктірмей уәкілетті органның web-сайтында :

1) осы Нұсқаулықтың 14-тармағының шарттарына сәйкес келетін барлық қорлар бойынша  $K_2$  коэффициенті;

2) осы Нұсқаулықтың 15-тармағының шарттарына сәйкес келетін барлық қорлар бойынша соңғы өткен толық он екі, отыз алты, алпыс күнтізбелік айдағы орташа номиналды кіріс коэффициенті;

3) осы Нұсқаулықтың 17-тармағына сәйкес есептелген түзетілген орташа номиналды кіріс коэффициентті жариялайды.

17. Орташа номиналды кіріс коэффициенті осы немесе басқа Ұйымдарда он екі, отыз алты, алпыс және одан көп ай ішінде инвестициялық басқаруда болған " таза " зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша ( $K_2$  коэффициентін есептеу жүзеге асырылған кезеңнің бірінші айының бірінші күнтізбелік күніндегі жағдай бойынша) осы Нұсқаулықтың 15-тармағының шарттарына сәйкес келетін барлық қорлар бойынша бір кезеңдегі  $K_2$  коэффициенттерінің орташа өлшенген шамасы ретінде есептеледі.

Түзетілген орташа номиналды кіріс коэффициенті осы немесе басқа Ұйымдардың инвестициялық басқаруында алпыс және одан да көп айлар ( $K_2$  коэффициентін есептеу жүзеге асырылған кезеңнің бірінші айының бірінші күнтізбелік күніндегі жағдай бойынша) болған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша орташа алынып,  $K_2$  коэффициенттерінің шамасы сол кезеңге қорлардың номиналды кіріс коэффициентінің мәні осы немесе басқа Ұйымдардың инвестициялық басқаруында алпыс және одан да көп айлар болған, "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша есептелген тиісті кезеңде орта номиналды кіріс коэффициенті мәнінің жүз отыз пайызынан аспайтын қорлар бойынша есептеледі.

18. Зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында тұрған әрбір жеке қор бойынша  $K_2$  коэффициентінің ауытқуы тиісті кезеңнің түзетілген орташа номиналды кіріс коэффициентінің мәнінің отыз пайызынан кем болмауы тиіс.

19. Ұйым номиналды кіріс көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы кері айырманы қорға оның екінші деңгейдегі банктегі банк шотына мына формула бойынша есептелген тиісті ақша сомасын енгізу арқылы өтейді:

$$S = (C_{cp} - C_t) * Y_{ei}, \text{ мұнда}$$

$C_{cp}$  - қордың Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны, бұл ретте қордың

зейнетақы активтері кірістілігінің ең аз мәні мен  $K_2$  коэффициенті арасындағы теріс айырма алынып тасталады;

$C_t$  - қордың есеп айырысуды жасау күніне Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

$Y_{ei}$  - қордың есеп айырысу күніне Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

$C_{cp}$  мәні мына формула бойынша есептеледі:

$$C_{cp} \geq ((K_{cp} - (K_{cp} * 30\%) + 100) / 100) * C_o, \text{ мұнда}$$

$K_{cp}$  - есеп айырысуды жасау күніне сәйкес келетін жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша орташа номиналды кірістің коэффициентінің мәні;

$C_o$  - қорда есеп айырысуды жасау күнінің алдында алпыс және одан да ай бұрын болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

20. Көрсетілген сома қор Ұйымға номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу туралы талапты қойған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қордың шотына есептеледі.

Осы тармақтың талабы Ұйым зейнетақы активтерін инвестициялық басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы және зейнетақы жарналарын тарту мен зейнетақы төлемдерін төлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бір мезгілде болған жағдайларға қолданылмайды.

21. Ұйым кірістіліктің ең аз мәні мен  $K_2$  коэффициенті арасындағы теріс айырманың өтеу сомасын есептеген күннен кейінгі күн ішінде уәкілетті органға екінші деңгейдегі банктің растамасымен бірге осы соманы есептеу туралы ақпаратты жібереді.

**4-1-тарау. Бағалы қағаздардың құнсыздануынан пайда болуы мүмкін жоғалтуларды жабатын резервтерді (провизияларды) қалыптастыру**

*Ескерту. 4-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

21-1. Ұйым ай сайын бағалы қағаздардың құнсыздануына тест жүргізеді және эмитент бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамағандығының салдарынан құнын жоғалту кезінде бағалы қағаздардың құнсыздануына байланысты болуы мүмкін жоғалтуларды жабатын резервтерді (провизияларды) қалыптастырады.

21-2. Құнсыздану тестілеріне өтелгенге дейін ұсталатын, Ұйымның инвестициялық басқаруында бар қордың қаржы құралдары жатқызылады.

21-3. Бағалы қағаздардың құнсыздануы жөніндегі тестісінде құнсызданды деп танылған мынадай критерийлер белгіленеді:

- 1) эмитенттің қаржылық жағдайы;
- 2) төлемдердің кез-келгенін өтеу кезіндегі мерзімді өткізіп алу;
- 3) кепілдіктің болуы;
- 4) белсенді нарықтың болуы;
- 5) рейтингтің болуы.

Акциялардың құнсыздану тестілері кезінде 1, 4 және 5 критерийлері қолданылады.

Әрбір критерий бойынша осы Нұсқаулықтың 10-қосымшасына сәйкес балл беріледі. Балл сомасы бағалы қағаздардың біліктілік санаттарын анықтау кезінде пайдаланылады. Актив бойынша алынған баллдардың санын негізге алып, осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасына сәйкес оның біліктілік санаты және қажетті провизиялардың (резервтердің) мөлшері белгіленеді.

21-4. Эмитенттің қаржылық жай-күйі Ұйымның басқару органы бекіткен (бекіттірген) әдістемеге (әдістемелерге) (бұдан әрі - Әдістеме) сәйкес бағаланады және Ұйымның ішкі ережесінің ажырамайтын толықтырылуы болып табылады. Қор Әдістемені Ұйыммен келісе отырып, осы Нұсқаулықтың талаптарын ескеріп, дербес әзірлейді және қаржылық жай-күйге баға берудің тәртібін, әдісін, кезеңділігін (тоқсанына бір реттен кем емес), тәсілдерін, қажетті құжаттардың тізбесін, эмитенттің қаржылық жай-күйін анықтауға мүмкіндік беретін өзге қолайлы ақпаратты енгізуі тиіс. Әдістемеді эмитенттің мынадай негізгі көрсеткіштері болуы тиіс:

1) төлем қабілеттілігі - Ұйымның Әдістемесінде белгіленген коэффициенттердің тиісті жиынтығын негізге алып, Ұйым лайықты деп отырған өз міндеттемелеріне қызмет жасаудағы эмитенттің қабілеттілігін ашады;

2) қаржылық тұрақтылық - Ұйымның Әдістемесінде белгіленген коэффициенттердің тиісті жиынтығын негізге алып, Ұйым лайықты деп отырған капитал құрылымын, кірістілік деңгейін (соңғы күнтізбелік жылдағы динамикасы бойынша), тиімділікті (динамикасындағы) ашады;

3) эмитенттің өз қаржылық жағдайын жақсарту үшін қабылдаған шаралары.

Қаржылық жай-күй былайша жіктеледі:

- 1) тұрақты - эмитенттің қаржылық жай-күйі тұрақты: эмитент төлемге қабілетті;

әдістемеге сәйкес лайықты деп есептелген коэффициенттердің мәні жалпы қабылданған нормалар шегінде;

бизнесі дамытудың оң нарықтық талаптары, сондай-ақ нарықта жақсы бәсекелестік позицияны иемденеді;

ресурстарға және капитал нарығына еркін ену мүмкіндігі бар, бағалы

қағаздарды шығару мерзімі аралығында эмитенттің қаржылық жай-күйін қомақты түрде төмендетуге қабілетті сыртқы немесе ішкі факторлар анықталмаған;

эмитенттің өз міндеттемесі бойынша лайықты мүмкіндігі күмән туғызбайды; эмитенттің активтері және міндеттемелері бойынша мерзімдерін салыстыруға келеді;

2) қанағаттанарлық – осы санатты эмитенттің қаржылық жай-күйі "тұрақты" сипаттамаға жақын, бірақ оның осы деңгейді ұзақ уақыт бойы ұстап тұруы жөнінде болжал жасау төмен болып табылады;

3) тұрақты емес – эмитенттің мынадай факторларға байланысты өзінің міндеттемелері бойынша есептесе алмайтындығы жөнінде белгілі бір болжам бар:

эмитенттің қаржылық жай-күйі тұрақты және мәнді түрде нашарлап отырғандығының белгілері бар (эмитенттің қолданып отырған шараларының қаржылық жай-күйді тиімді тұрақтандыра алатындығына сенім жоқ);

эмитентке материалдық зиян әкеліп отырған төтенше жағдайлар, сондай-ақ өзге де жағдайлар бар, бірақ ол оның қызметін тоқтатуға душар етіп отырған жоқ;

4) сыни сәт - эмитенттің қаржылық жай-күйінің тұрақты төмендеуі сыни деңгейге душар болды:

төлем қабілетсіздігі, эмитенттің банкрот болу мүмкіндігі немесе өзге қайта ұйымдастырылу мүмкіндігі;

шарт талаптарының бұзылуы (пайыздардың немесе борыштың негізгі сомасының төленбеуі немесе төлем жасау мерзімдерінің бұзылуы);

қағазды ұстаушының басқаша жағдайда жасалмауы мүмкін мүмкіндікті эмитентке жасауы;

эмитентте оған материалдық зиян әкеліп отырған және (немесе) оның қызметін жалғастыруына мүмкіндік бермей отырған төтенше жағдайлар бар.

21-5. Ашық сауданы тоқтату нәтижесінде қаржы құралы үшін белсенді нарықтың жоғалуы құнсыздануды растау болып табылмайды. Эмитенттің кредиттік рейтингінің төмендеуі өзінен-өзі құнсыздануды растау болып табылмайды. Қаржы құралының әділ құнының нақты шығындардан немесе тозу құнынан ары төмендеуі міндетті түрде құнсыздануды растау болып табылмайды. Жоғарыда аталған жағдайлардың бәрін жиынтықты түрде басқа қол жетімді деректермен бірге алып қарау қажет.

21-6. Болуы мүмкін жоғалтуларға қарама-қарсы резервтер (провизиялар) зейнетақы активтері бойынша шығыстар есебінен қалыптасады.

21-7. Ұйым осы Нұсқаулықтың 10 және 11-қосымшаларына сәйкес болуы мүмкін жоғалтуларға қарсы барлық қажетті, лайықты резервтер (провизиялар)

мөлшерін бухгалтерлік есепте ескереді және оны толық көлемде тиісті шоттардағы шығыстарда көрсетеді.

21-8. Осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасына сәйкес болуы мүмкін жоғалтуларға қарсы резервтер (провизиялар) мөлшері барынша төмен мөлшерде қ а л ы п т а с а д ы .

Қор қажет болған жағдайда осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасында белгіленген барынша төмен мөлшерден асатын болуы мүмкін жоғалтуларға қарсы резервтерді (провизияларды) құрады. Ұйымның резервтерінің (провизияларының) мөлшері айдың соңғы жұмыс күніне дейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қалыптасуы тиіс.

21-9. Бағалы қағаздар бойынша қажетті резервтер (провизиялар) мөлшері бағалы қағаздардың ағымдағы (баланстық) құны бойынша есептеледі.

**4-2-тарау. Қордың  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентін өтеу бойынша шартты міндеттемелердің резервтерін (провизияларын) қалыптастыру**

*Ескерту. 4-2-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

21-10. Орташа алынған номиналды кірістің түзетілген коэффициентінің мәнінен Қордың  $K_2$  номиналды кіріс коэффициенті ауытқыған жағдайда Қорда болашақтағы болуы мүмкін өтеу бойынша шартты міндеттемелер пайда болады.

Ұйым шартты міндеттемелерді жабу үшін шартты міндеттемелер бойынша жүз пайыз мөлшерінде бағалау резервін қалыптастырады және оны "Міндеттемелер" бөліміндегі бухгалтерлік баланста көрсетеді.

21-11. Ұйым қорға номиналды кірістің түзетілген коэффициенті мен номиналды кірістілік көрсеткіші арасындағы теріс айырманы қордың екінші деңгейдегі банктердегі банктік шотына тиісті ақша сомасын аудару жолымен ө т е й д і .

21-12. Ұйым ай сайын болуы мүмкін өтем жасау сомасын орташа алынған номиналды кірістің түзетілген коэффициентінен он бес және одан артық пайызға теріс ауытқуы кезінде мынадай формула бойынша есептейді:

$$S = (C_{cp} - C_t) * Y_{ei}, \text{ мұнда}$$

$C_{cp}$  – зейнетақы активтерінің кірістілігінің барынша төмен мәні мен қордың  $K_2$  коэффициенті арасындағы теріс айырма алынып тасталатын Ұйымның инвестициялық басқаруында тұрған қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

$C_t$  – есеп айырысу жасалған күні Ұйымның инвестициялық басқаруында тұрған қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

$Y_{ei}$  - есеп айырысу жасалған күні Ұйымның инвестициялық басқаруында тұрған қордың зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

$C_{cp}$  мәні мына формула бойынша есептеледі:

$$C_{cp} = ((K_{op} - K_{кор}) + 100) / 100 * C_o, \text{ мұнда}$$

$K_{cp}$  – есеп айырысу жасалған күнге сәйкес келетін жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша орташа алынған номиналды кірістің түзетілген коэффициентінің мәні;

$K_{кор}$  – есепті күнге номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

$C_o$  – қорда есеп айырысу жасау күнінің алдындағы алпыс және одан артық ай бұрын тұрған қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

21-13. Қормен орташа алынған номиналды кірістің түзетілген коэффициентінен теріс ауытқу кезіндегі болуы мүмкін өтем сомасы бойынша ай сайын осының алдындағы есепті ай үшін ағымдағы айда есеп жасалады және ол есепті күні меншікті активтер бойынша шартты міндеттемелерде көрініс табады.

21-14. Орташа алынған номиналды кірістің түзетілген коэффициентінен теріс ауытқу кезіндегі болуы мүмкін өтем сомасы мына формула бойынша есептеледі:

$$OS = \frac{n}{1} * \frac{S}{2}$$

мұнда OS - орташа алынған номиналды кірістің түзетілген коэффициентінен ауытқу кезіндегі болуы мүмкін өтем сомасы;

n - есепті жылдағы өткен айлар саны.

21-15. Қор баға беру резервін ай сайын әрбір есепті күн бойынша қайта есептеуі және мейлінше жоғары есеп айырысу бағасын ескеріп, түзетіп отыруы тиіс. Айдың басында қалыптасқан баға беру резервінде осының алдындағы айға жасалған баға беру резервінің мөлшері ескеріледі.

Егер міндеттемелерді реттеу үшін экономикалық тиімділігі бар ресурстарды жоғалту қажет болып, одан артық болжам мүмкін болмайтын болса, онда баға беру резерві қалпына келтірілуі тиіс.

### **5-тарау. 3-пруденциалдық норматив "Бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға инвестициялау"**

22. Ұйымның инвестицияларының жиынтық мөлшерін бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға есептеген кезде, осы Нұсқаулықта белгіленген шектеулер әрбір жинақтаушы зейнетақы қорына жеке-жеке қолданылады.

23. Ұйымның Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкімен

эмиссияланған бағалы қағаздарға, сондай-ақ осы банктегі салымдарға инвестицияларының жиынтық мөлшері, осы банктің дауыс беруші акцияларына инвестициялар осы банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының кемінде он пайызын құрайды, мынадай мәндерден асып кетпеуі керек:

зейнетақы активтері есебінен - Ұйымның инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан;

меншікті активтер есебінен - Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан; жиынтығында - осы банктің меншікті капиталы мөлшерінің отыз бес пайызынан (қаржылық агенттіктер мен ипотекалық облигацияларды қоспағанда) не осы банктің меншікті капиталы мөлшерінің елу пайызынан астам емес, егер осы банктің "BB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді инвестициялық рейтингтік бағасы ("Standard & Poor's" рейтингтік агенттігінің жіктемесі бойынша) немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар болған жағдайда.

Бір банкпен эмиссияланған бағалы қағаздарға не бір банктегі салымдарға зейнетақы және меншікті активтер есебінен болған инвестициялар жиынтығында осы банктің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан асып кетпеуі керек (қаржылық агенттіктер мен ипотекалық облигацияларды қоспағанда).

24. Ұйымның Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкімен эмиссияланған бағалы қағаздарға, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын банктің аффилирленген тұлғалары – эмитенттерге, осы банктегі салымдарға инвестицияларының жиынтық мөлшері мынадай мәндерден асып кетпеуі тиіс:

зейнетақы активтері есебінен - Ұйымның инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан, меншікті активтер есебінен - Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан, жиынтығында – осы банктің меншікті капиталы мөлшерінің отыз бес пайызынан (қаржылық агенттіктер мен ипотекалық облигацияларды қоспағанда), осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан астам емес (қаржылық агенттіктерді, ипотекалық облигацияларды, инфрақұрылымдық облигацияларды және қаржылық агенттіктің кепілімен шығарылған облигацияларды қоспағанда) немесе осы эмитенттің бір эмиссиясының облигацияларының жалпы көлемінің жиырма бес пайызынан астам емес (көрсетілген шамалардың қайсысы ең төмен болып саналатындығына байланысты), осы эмитенттің дауыс беруші акцияларының жалпы санының кемінде он пайызынан.

Егер эмитент - екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын банктің аффилирленген тұлғасы ипотекалық облигациялар шығаратын болса, онда осы облигацияларға инвестициялардың жиынтық мөлшері осы Нұсқаулықтың 25-

тармағында белгілеген мәндерден аспауы тиіс.

25. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын эмитенттің бағалы қағаздарына салынған Ұйымның инвестицияларының жиынтық мөлшері мынадай мәндерден аспауы тиіс:

зейнетақы активтері есебінен - Ұйымның инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан;

меншікті активтер есебінен - Ұйымның меншікті активтері көлемінің он п а й ы з ы е с е б і н е н .

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын эмитенттің жиынтықты түрдегі зейнетақы және меншікті активтерінің есебінен бағалы қағаздарға салынған Ұйымның инвестициясының мөлшері:

эмитенттің борыштық бағалы қағаздарына - осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан (қаржылық агенттіктерді, ипотекалық облигацияларды, инфрақұрылымдық облигацияларды және қаржылық агенттіктің кепілімен шығарылған облигацияларды қоспағанда) немесе осы эмитенттің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарының бір шығарылымының жалпы көлемінің жиырма бес пайызынан аспауы тиіс ( көрсетілген шамалардың қайсысы ең төменгі болып саналатындығына б а й л а н ы с т ы ) ;

эмитенттің дауыс беруші акциялары – осы эмитенттің дауыс беруші акцияларының жалпы санының он пайызынан кем болмауы тиіс .

Ұйымның инвестицияларының жиынтықты мөлшерімен эмитенттің екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарымен есеп айырысуы кезінде мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құны пайдаланылады.

Ұйымның инвестицияларының жиынтықты мөлшері мен акциялармен есеп айырысу кезінде осы Нұсқаулықтың 31-тармағының талаптарын ескере отырып, алпыс күннен аспайтын уақыт кезеңі ішінде үш пайыздан аспайтын белгіленген мәннен артып кетуіне жол беріледі.

*Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

26. *(Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

27. Ұйымның б асқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының меншікті активтер есебінен қор биржасының ресми тізіміне кіргізілген пайларына инвестицияларының мөлшері Ұйымның



меншікті активтерінің он пайызынан аспауы тиіс.

Ұйымдағы б асқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының меншікті активтер және зейнетақы активтері есебінен қор биржасының ресми тізіміне кіргізілген пайларына инвестицияларының жиынтығындағы мөлшері осы аралық инвестициялық пай қорының активтерінің он пайызынан аспауы тиіс.

*Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

27-1. Осы басқарушы компания шығарған бағалы қағаздар және қор биржасының ресми тізіміне кіргізілген Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын бір басқарушы компанияның аралық пай инвестициялық қорларының пайларындағы Ұйымның инвестицияларының жиынтығы негізінен алғанда мына мәндерден аспауы тиіс:

зейнетақы активтері есебінен - N 225 қаулының 1-қосымшасының 2-тармағымен көзделген талаптарды сақтай отырып, Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінің он п а й ы з ы н а н ;

меншікті активтер есебінен - Ұйымның меншікті активтерінің көлемінің он п а й ы з ы н а н .

*Ескерту. 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

27-2. X алықаралық шәкіл бойынша "BBBm"-тен кем емес "Standard & Poor's principal stability fund ratings" не "BBBf"-тен кем емес "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" рейтингтік бағасы бар инвестициялық қорлар пайларындағы инвестиция мөлшері мынадай мәндерден аспауы тиіс:

зейнетақы активтері есебінен - Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан ;

меншікті активтер есебінен - Ұйымның меншікті активтерінің көлемінің он п а й ы з ы н а н .

X алықаралық шәкіл бойынша "BBBm"-тен кем емес "Standard & Poor's principal stability fund ratings" не "BBBf"-тен кем емес "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" рейтингтік бағасы бар инвестициялық қордың пайларындағы меншікті және зейнетақы активтері есебінен Ұйым инвестициясының жиынтық мөлшері осы инвестициялық қордың активтері көлемінің он пайызынан аспауы тиіс.

*Ескерту. 27-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы*

*ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

27-3. Х алықаралық шәкіл бойынша "BBBm"-тен кем емес "Standard & Poor's principal stability fund ratings" не "BBBf"-тен кем емес "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" рейтингтік бағасы бар инвестициялық қордың пайларындағы Ұйым инвестициясының жиынтық мөлшері және осы басқарушы компания шығарған бағалы қағаздар мынадай мәндерден аспауы тиіс:

зейнетақы активтері есебінен - Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан ;  
меншікті активтер есебінен - Ұйымның меншікті активтерінің көлемінің он п а й ы з ы н а н .

*Ескерту. 27-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

27-4. Ұйымның мемлекеттік мәртебесі бар, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған бағалы қағаздарға салған инвестицияларының жиынтық мөлшері мынадай мәндерден аспауы тиіс:

зейнетақы активтері есебінен - Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан ;  
меншікті активтер есебінен - Ұйымның меншікті активтерінің көлемінің он п а й ы з ы н а н .

*Ескерту. 27-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

27-5. Ұйымның тазартылған қымбат металдарға және металл депозиттерге салған инвестицияларының жиынтық мөлшері мынадай мәндерден аспауы тиіс:

зейнетақы активтері есебінен - Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан ;  
меншікті активтер есебінен - Ұйымның меншікті активтерінің көлемінің он п а й ы з ы н а н .

*Ескерту. 27-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

27-6. Ұйымның халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздарға салған инвестицияларының жиынтық мөлшері мынадай мәндерден а с п а у ы т и і с :

зейнетақы активтері есебінен - Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан ;  
меншікті активтер есебінен - Ұйымның меншікті активтерінің көлемінің он

п а й ы з ы н а н

*Ескерту. 27-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

28. Ұйымның бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, бір екінші деңгейдегі банктегі салымдарға инвестицияларының жиынтық мөлшерін есептеу б а р ы с ы н д а :

1) Қазақстан Республикасының резидент-банкінің (эмитент) меншікті капиталы Қазақстан Республикасының банк қызметі туралы заңнамасына немесе Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес баспасөз басылымында жарияланған оның соңғы тоқсандық немесе листингтік рәсімдерге сәйкес бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылар ұсынатын балансы негізінде анықталады;

2) шетел эмитентінің меншікті капиталы Reuters немесе Bloomberg V.L.P. ақпараттық талдау жүйелерінде орналастырылған немесе интернет желісінің осы бағалы қағаздар сауда жүйесінде бағамдалатын бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушының сайтында немесе осы бағалы қағаздар эмитентінің сайтында орналастырылған оның соңғы тоқсандық балансының негізінде а й қ ы н д а л а д ы ;

3) бір-біріне қатысты аффилиирленген банктер бір банк ретінде танылады. Банктің (қаржы агенттіктері мен ипотекалық облигацияларды қоспағанда) меншікті капиталы мөлшерінің отыз бес пайызынан жоғары емес жиынтық мөлшері бөлігінде белгіленген шектеу осындай банктердің әрқайсысына қатысты қ о л д а н ы л а д ы ;

4) екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын бір біріне қатысты аффилиирленген эмитенттер екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын бір эмитент ретінде танылады, бұл ретте осы Нұсқаулықтың 25-тармағының төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарымен белгіленген шектеулер осындай эмитенттердің әрқайсысына қатысты қолданылады . Осы тармақшаның күші кредиттік бюроның қатысушылары (акционерлері) болып табылатын заңды тұлғаларға, сондай-ақ мемлекеттік акциялар пакеті (қатысу үлесі) " Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына берілген заңды т ұ л ғ а л а р ғ а т а р а т ы л м а й д ы .

*Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29 N 247 , 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулыларымен.*

29. Ұйымның кассасында күн аяғында қалған ақшаның мөлшері Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан аспауы тиіс .

Ұйымның бір екінші деңгейдегі банктегі (өз арасында аффилиирленген

тұлғалар болып табылатын екі және одан көп екінші деңгейдегі банктердегі) ағымдағы шоттарындағы барынша көп қалдығы Ұйымның меншікті активтері мөлшерінің он пайызынан аспауы тиіс.

30. Ұйым инвестицияларының жиынтық мөлшерінің белгіленген шектеулері Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына және N 225 қаулымен белгіленген зейнетақы активтерін инвестициялау тәртібіне сәйкес Ұйым сатып алуы мүмкін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздарына таратылмайды.

*Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29 N 247 Қаулысымен.*

31. Егер Ұйым оған байланысты емес себептер бойынша банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келе бастаған жағдайда, ол осы фактіні анықтаған сәттен бастап алпыс күн ішінде өз қызметін осы Нұсқаулықтың 23 және 25-тармақтарының талаптарына сәйкес келтіруі қажет.

*Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

## **6-тарау. Пруденциалдық нормативтердің сақталуына бақылау жасау**

32. Ұйым әр жұмыс күні оның алдындағы жұмыс күнінің жағдайы бойынша, сондай-ақ ағымдағы жұмыс күнінің алдындағы демалыс күндерінің әрқайсысының соңындағы жағдай бойынша мыналарға есептер жүргізеді :

1)  $K_1$  коэффициентінің мәніне;

2) жүзеге асырылған инвестициялардың " Ұйымның бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, бір екінші деңгейдегі банктегі салымдарға инвестициялары " 3-пруденциалдық нормативіне сәйкестігіне.

33. Ұйым а й сайын, бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18-00-ден кешіктірмей, уәкілетті органға электронды және қағаз тасымалдауышта мыналарды ұсынады:

1) осы Нұсқаулықтың 1, 3, 4 және 8-қосымшаларына сәйкес  $K_1$  коэффициенті мәнінің е с е п т е р і н ;

2) осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылдың басында зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің өткен айдағы орташа құны туралы анықтаманы;

3) осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша номиналды

кіріс коэффициенттері (ағымдағы жылдың басында зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке қор бойынша) туралы мәліметтер.

*Ескерту. 33-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

34.  $K_1$  коэффициенті мәнінің есептері екі данада қағаз тасымалдауышта жасалып, оған Ұйымның бірінші басшысы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға, бас бухгалтер қол қояды және Ұйымның мөрімен расталады. Бір данасы уәкілетті органға ұсынылады, екіншісі Ұйымда сақталады.

35. Уәкілетті орган мен Ұйым  $K_1$  және  $K_2$  коэффициенттерінің мәндерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Ұйымның уәкілетті органға электронды және қағаз тасымалдауышта ұсынатын қаржылық және өзге есептілігіне және осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша пруденциалдық нормативтерді есептеу үшін қағаз тасымалдауышта ұсынатын қосымша мәліметтер негізінде а й сайын есептейді.

Уәкілетті орган а й сайын есепті айдан кейінгі айдың 28-күнінен кешіктірмей өз сайтында әр Ұйым бойынша кредиттік, пайыздық, валюталық қор тәуекелінің мәндері туралы ақпаратты орналастырады.

36. Пруденциалдық нормативтерді есептеуге арналған электронды тасымалдауыштағы қосымша мәліметтер есепті айдан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша осы айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18-00-ден кешіктірілмей ұсынылады.

Қағаз тасымалдауыштағы қосымша мәліметтерге Ұйымның бірінші басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға, бас бухгалтер, сондай-ақ Ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес көрсетілген ақпаратқа қол қою құқығына ие өзге тұлғалар қол қояды, мөрмен расталады және Ұйымда сақталады.

37. Есептердегі және пруденциалдық нормативтерді есептеуге арналған қосымша мәліметтердегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгеде көрсетіледі. Оларды жасауда пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нольге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

38. Осы Нұсқаулықтың 32-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген есептер, сондай-ақ 34 -тармағында көрсетілген пруденциалдық нормативтерді есептеуге арналған қосымша мәліметтер ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмеуін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралы бар ақпаратты кепілдікпен жеткізудің транспорттық жүйесі пайдаланыла отырып, электронды тасымалдауышта ұсынылады.

39. Электронды тасымалдауышта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдауыштағы деректермен сәйкестігін Ұйымның бірінші басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға қамтамасыз етеді.

40. Осы Нұсқаулықтың 32-тармағына сәйкес есептелген мәндердің, сондай-ақ  $K_2$  коэффициентінің осы Нұсқаулықта белгіленген пруденциалдық нормативтермен сәйкессіздігі болған жағдайда, Ұйым уәкілетті органға бір күн ішінде осы сәйкессіздік фактісі мен себептері туралы оны жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып хабарлайды.

*Ескерту. 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

41. Ұйым бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет түрлерін және/немесе зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті қоса атқарған жағдайда, пруденциалдық нормативтерді есептеу Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының " Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы " 2008 жылғы 22 тамыздағы N 119 қаулысымен белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады .

Зейнетақы активтерін  
инвестициялық басқаруды  
жүзеге асыратын ұйымдарға  
арналған пруденциалдық  
нормативтердің нормативтік  
мәндері, оларды есептеу  
әдістемесі туралы нұсқаулыққа  
1-қосымша

*Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 164, 2008.12.29 N 247 , 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулыларымен.*

*Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !*

*1-қосымшаға 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен өзгерту енгізіледі.*

## кредиттік тәуекел

(мың теңге)

N p/c	Баптардың атауы	Сомасы	Пайыздардағы тәуекел деңгейі	Есеп айырысу сомасы
<b>I топ</b>				
1	Қолма-қол теңге		0	
2	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен кем емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар елдің шетелдік қолма-қол валютасы		0	
3	Жергілікті атқарушы органдар шығарған облигацияларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		0	
3-1	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар		0	
3-2	"Кері репо" операциялары		0	
4	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар		0	
5	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен кем емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары		0	
6	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен кем емес халықаралық рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		0	
7	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар, соның ішінде, Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінде тазартылған қымбат металдар мен металл депозиттер		0	
8	Контрагенттерден сатып алынған, тәуекелдің I-тобына енгізілген фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар		0	
9	Тәуекел I-тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		0	
<b>II топ</b>				
10	"Standard & Poor's" агенттігінің " A"-тен " BBB- " дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар елдердің және тиісінше рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетелдік қолма-қол валютасы		20	

11	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары	20	
11-1	"Standard & Poor's" агенттігінің "A+"-тен "A-" дейінгі халықаралық рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	20	
12	Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар	20	
13	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzA"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес-бас банктің еншілес резидент-банктеріндегі салымдар	20	
14	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдармен шығарылған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	20	
15	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzA"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар	20	
16	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар ұйымдармен шығарылған Principal protected notes	20	
17	Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, ол бойынша мемлекеттің тапсырмасы бар, мөлшері инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымының толық көлеміне сәйкес келетін Қазақстан		



	Республикасының ұйымдары шығарған инфрақұрылымдық облигациялар		20	
18	Жол үстіндегі ақша		20	
19	Тәуекелдің II-тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		20	
III -топ				
20	"Standard & Poor's" агенттігінің "BBB+"-тен бастап "BBB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары		50	
20-1	"Standard & Poor's" агенттігінің "BBB+"-тен бастап "BBB-" дейінгі халықаралық рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтинг бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		50	
21	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB+"-тен бастап "BBB-"-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBBB+" бастап "kzBBB-" дейінгі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A+"-тен бастап "A-"-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар резидент емес бас банкінің еншілес резидент-банктеріндегі салымдар		50	
22	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A+"-тен "A-"-ке дейін рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		50	
23	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB+"-тен бастап "BBB-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBBB+"-тен бастап "kzBBB-" дейінгі рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар		50	
24	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A+"-тен бастап "A-"-ке дейін рейтингтік			

	бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар ұйымдармен шығарылған Principal protected notes	50	
25	Контрагенттерден сатып алынған, тәуекелдің III-тобына енгізілген фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар	50	
26	Тәуекелдің III-тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы	50	
IV топ			
27	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB+"-тен бастап "BB-"-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBB+"-тен бастап "kzBB-" ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	100	
28	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB+"-тен бастап "BBB-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	100	
29	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB+"-тен бастап "BB-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBB+"-тен бастап "kzBB-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар	100	
30	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB+" -тен бастап "BBB-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар ұйымдармен шығарылған Principal protected notes	100	
31	Инфрақұрылымдық міндеттемелер шығарылымының толық емес көлемі бойынша мемлекеттің кепілдігі бар , қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары	100	
32	Контрагенттерден сатып алынған, тәуекелдің IV-тобына енгізілген фьючерстер, опциондар, своптар , форвардтар	100	
33	<i>алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі</i>		

	<i>Басқармасының 2009.04.10. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен</i>		
34	Тәуекелдің IV-тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		100
V топ			
35	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар, осы банктер қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші санатына жай акциялар енгізілген эмитент-банктері болып табылған жағдайда		130
36	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B+"-тен бастап "B"-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzB+"-тен бастап "kzB"-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар		130
37	Контрагенттерден сатып алынған, тәуекелдің V-тобына енгізілген фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар		130
38	Тәуекелдің V-тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		130
VI топ			
39	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, қор биржасының ресми тізімінің "бірінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" шағын санатына кіргізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар		150
39-1	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 225 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесінің 1-қосымшасының талаптарына сәйкес келмейтін қаржы құралдары ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4486 тіркелген )		200
40	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, қор биржасының ресми тізімінің "екінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" шағын санатына кіргізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар		200
41			200

	Сауда-саттықты ұйымдастырушының делистинг жасаған борыштық бағалы қағаздар			
42	<i>алынып тасталды</i>			
43	Акциялары сауда-саттықты ұйымдастырушының делистинг жасаған екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		200	
44	Тәуекелдің VI-тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы		250	
45	Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер сомасының жиынтығы		x	

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

(тегі, аты, әкесінің аты бар болса) (қолы)

Бас бухгалтер

(тегі, аты, әкесінің аты бар болса) (қолы)

М ө р д і ң о р н ы

### *Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !*

*Түсіндірмелерге ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.10. N 74 Қаулысымен өзгерту қарастырылған (2010.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі).*

Кестені толтыру бойынша түсіндірмелер:

Зейнетақы активтерін кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерлеу кезінде борыштық бағалы қағаздың арнайы борыштық рейтингі бар болса, онда осы бағалы қағаз осы рейтинг бойынша есепке алынады.

Қаржы құралы бойынша есептелген жиынтық сыйақы қаржы құралының жиынтық ағымдағы құнының құрамындағы кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша активтердің есебіне кіргізілген болса, онда ол бұдан әрі жеке есепке алынбайды .

Своптар, фьючерстер, опциондар, форвардтар көрсетілген қаржы құралдарының нарықтық құнының сомасын және олар бойынша кредиттік тәуекелді осы қосымшада көрсетілген контрагенттің санатына сәйкес келетін тәуекел дәрежесіне көбейту жолымен кредиттік тәуекел есебіне қосылады.

Своп, фьючерс, опцион және форвард операциялары бойынша кредиттік тәуекел көрсетілген қаржы құралдарының номиналды құнының осы Нұсқаулыққа 2-қосымшада көрсетілген және көрсетілген қаржы құралдарын өтеу мерзімімен белгіленетін кредиттік тәуекел коэффициентіне туынды ретінде е с е п т е л е д і .

Қаржы құралдарының осы тармақта көрсетілген нарықтық құны (алмастыру құны) мыналарды білдіреді:

сатып алу мәмілелері бойынша - қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының осы қаржы құралының келісім-шарттық номиналды құнынан асу

шамасын білдіреді. Қаржы құралының ағымдағы нарықтық құны оның келісім-шарттық номиналды құнынан кем немесе тең болған жағдайда, алмастыру құны нольге тең;

сату мәмілелері бойынша - қаржы құралының келісім-шарттық номиналды құнының осы қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнынан асу шамасын білдіреді. Қаржы құралының келісім-шарттық номиналды құны оның ағымдағы нарықтық құнынан кем немесе тең болған жағдайда, алмастыру құны нольге тең.

